

Алғасын  
алғасын

Жайнарбек  
Зандыбайұлы

БҰЛЫР

БҰЛЫР

Жайнарбек Зандыбайұлы

**ЖАЙНАРБЕК ЗАНДЫБАЙҰЛЫ**

**БӘСІРЕ**

**Көкшетау – 2018**

**ӘОЖ 821.512.122**

**ҚБЖ 84 Қаз-5**

**3-22**

**Зандыбайұлы Ж.**

**3-22 Бәсіре / Ж. Зандыбайұлы – Көкшетау:  
«Мир печати», ЖҚ Устюгова Н.Ф., – 2018. – 112 б.**

**ISBN 978-601-7582-42-5**

*Талантты жас ақын Жайнарбек Зандыбайұлының бұл кітабында әр жылдары әр алуан тақырыпта жазылған өлеңдері топтастырылған. Автор ел мен жер, дін жайлы және қоғамның кейбір келеңсіздіктерін жүргегінен өткізіп, өзінше саралап жырлаган. Сондай-ақ, оның табигат пен махаббат лирикасы өте әдемі, көркем тілмен, кестелі сөзбен суреттелген.*

*Болашагынан зор үміт күттіретін Бұланды ауданының бұла мінезді ақынының қолдарыңызға тиіп отырған бұл кітабы «Нұр Отан» париясының Ақмола облыстық филиалының қолдауымен «Алдаспан» сериясымен жарық көрді.*

*Кітап көпшілік оқырманға арналған.*

**ӘОЖ 821.512.122**

**ҚБЖ 84 Қаз-5**

**ISBN 978-601-7582-42-5**

© Зандыбайұлы Ж., 2018

# Жүргі оның жыр бұлак

Талантты жас ақын, белгілі журналист, көптеген республикалық байқаулардың жеңімпазы, Бұланды ауданы «Бұланды ақпарат» газетінің жауапты хатшысы болып қызмет атқаратын Жайнарбек Зандыбайұлының шығармашылығымен баспасөз арқылы бірнеше жылдан бері жақсы таныссын. «Толқынды толқын қуады, толқыннан толқын туады» деп маңғаз ақын Мағжан айтқандай ізімізді басып келе жатқан кейінгі буынның шығармашылығындағы жылт еткен жақсы дүниені байқау, жетістігіне қуану, рухани тұрғыда қолдау, аға буынның ғана емес, ел зиялыштарының да парызы деп ойлаймын. Жайнарбектің өлеңдері жай өлең емес, жанды өлең. Оның әр өлеңін оқыған сайын, қазір көп қолданыла бермейтін көне сөздерді, әдеби көркем тілді жақсы білетіндігін байқаймын. Оның поэзиясы тың тіркестер, соны ойлар, терең теңеулерімен өзге ақындардан оқшауланып тұрады. Армандары алқарапәк аспанмен астасып, қиялымен бұлтқа қонақтап, ойларымен

құзға қонып, сезімі сексен көлге шомылып жататын жас ақынның бергенінен берері, жазғанынан жазбағаны, айтқанынан айтары әлі көп екенін біз ғана емес, ақынның өзі де сезінеді, се- зеді, сол үшін ізденеді деп ойлаймын.

Бабы мен бағы келісіп, дер шағында жүрген ақынның қолдарыңызға тиіп отырған кітабының әр парагы ашылған сайын автордың ішкі әлемін, жан дүниесін аша түспек.


Ақынның әлеміне қош келіпсіз, қадірлі оқырман!

**Ербол БЕЙІЛХАН,**  
**акын, жазушы,**  
**Халықаралық поэзия**  
**академиясының академигі,**  
**Халықаралық жазушылар**  
**одағының мүшесі,**  
**«Алтын Қазына» қоғамдық**  
**бірлестігінің төрағасы.**

*Астана қаласы.*

Бірінші бөлім

# Күреңқасқа кісінейді әз өлең



## АТАҒЫ АРЛАН БАБАЛАРЫМ-АЙ

Көз жазып қалмай көне даладан,  
Іргесін елдің сене қалаған.

Жағадан алып жауласқандардың,  
Жалауын жығып, жебе қадаған.

Құдайдан ғана қорған алатын,  
Жақсылық ісі жолда қалатын.  
Қол сүйіп өскен жағымпаздардың,  
Жақтыра қоймас жалған атағын.

Жасыта білген жат ұлын даңқы,  
Ғұмырлық жырга татыған нарқы.  
Атағы арлан бабаларым-ай,  
Тасқа қашаған тарихың мәңгі.

Қасқыр мінезben жоғалған арман,  
Орнын ойып жоғарыдан алған.  
Болмысым басқа болса да бүгін,  
Бөлтірік едім солардан қалған.

Ілесе алмай жай аяндарға,  
Жорыққа шықсам аяған бар ма?  
Осылай жүріп жетілген едім,  
Бауырым басып сары аяз қарға.

Ұлысам айға білер шерімді,  
Серігім еді бірер сенімді.  
Жалап жазғанмын жалынбай ғана,  
Күғыншы қиған тілерсегімді.

Арлан атанып шағымда толған,  
Қақпан сүйретіп жаным да қалған.  
Көш бастап келем бүгінде, міне,  
Қасқыр мінезben қанымда болған.

Салтымды сақтар көшіме еріп,  
Жөн түзеп алар кешіге келіп.  
Қалдырсаң болды бостандығыммен,  
Бөлтірігіме бәсіре бөліп.



## **ЖАРАЛЫ ЖЕЛТОҚСАН...**

Жаралы желтоқсан,  
Өшпейсің санадан,  
Ләззатты жылатып, Қайратты сабаған.  
Ұлтарақ қылам деп ұлтымның намысын,  
Аз ғана халқымды арадай талаған.

Арымды арсызга билеткен,  
Жанымды жаралап, рухымды күйреткен.  
Қаперсіз қазақтың қыздарын,  
Ару деп аямай шашынан сүйреткен.

Қалайша ұмыт боп санадан жоғалар,  
Ол жайлыш сөз айтпай жүргенмен агалар,  
Етегі жас толыш, еңкілдеп әлі күн,  
Жалғызын жоқтайтын ана бар.

Көрінде өкірген қоғамның әмірі,  
Жүрмеген... сезілсе боздактар қадірі.  
Бүгінгі тірі өлік тексізден тым биік,  
Ұлтжанды ұлдардың қабірі.

Жаралы желтоқсан...  
Өшпейсің санадан,  
Еңсемді көтердім ес жиып наладан.  
Жазылмай бірақ та жанымның жарасы,  
Солақай қоғамның иттері талаған.

...Қайран да боздақтар  
қыршыннан иылған,  
Айналдым сендердей ұл тұған анадан.  
Жаралы желтоқсан...  
Өшпейсің, өшпесін саңадан!



## **ШҮКІР**

*1737-1822 жылдар аралығында  
85 жыл бойы қазақтарды құлдыққа  
сатқан.*

*1748 жылды 20 жастагы қазақ жі-  
гітінің бағасы 15 сомга жеткен.*

*1808 жылды 7 жастагы қыз 20  
тыын тұрды.*

**Амантай КӘКЕН.**

**«Зұлмат жылдар запыраны».**

Болашақтан болған соң бір күткені,  
Тарихымды қашаған жыр қып тегі.  
Қанды жасты ағыздың қара көзден,  
Қарғыс атқыр құл базар Ірбіттегі.

Сексен бес жыл құлдықта жапа шеккен,  
Жанынды құлы тағдыр қапас еткен.  
Сауда болып бозбала, өрімдей қыз,  
Бағасы болған тыын, шұға шекпен.

Өткенінді жырлайын жек көрсөн де,  
Әлі талай жас үміт көктер сенде.  
Не деген қайсар едің, қайран, қазак,  
Мойымаған ауыр сын көп көрсөн де.

Жоймаған сені осы даралығын,  
Бауырындан түлеген бар алыбын.  
Мен үшін отаршылдық бастау алған,  
Ақпанның он тоғызы қаралы күн.

«Қорғаймын» дегені еді жалған астар,  
Ұлдарынды жау қылды қолды бастар.  
«Қасірет белдеуі» деп аталатын,  
Қабырғамды сөкті кеп қанды жоспар.

Өз жерінде өзінді айыпты қып,  
Бастады бір зұлматты жайып тұрып.  
«Жабайы тұземдіктер» деді сосын,  
Тарихи санамызды жойып тынып.

Амалсыз бір індетке аштық төрді,  
Ұлтыма дендей тиіп қастық дерті.  
Төрт түлігі төсінде өрген елге,  
Кейін қолдан жасаған аштық келді.

Төреге тән болсақ та бұрыннан біз,  
Аштық жылы қынадай қырылғанбыз.  
Ұлт азаттық болғанда көтеріліс,  
Емендей тамырынан жұлдынғанбыз.

Кезіміз еді ғой бұл аза тұтқан,  
Дұшпанға сенім артып көз алартқан.

Тылдағы ауыр бейнет жанға батып,  
Софыста да бұл қазақ қаза тапқан.

Осылай не көрмеді бұрын қазақ,  
Демей ме тұлпар ізін құлын басады.  
Тағдырдың кермек дәмін татпай егер,  
Қырық миллион болар ек қырылмасақ.

ҮІстық сезім болса да елге деген,  
Талай сынға тап болдық жол бөгеген.  
Ұлтым деп ұран тастап ұмтылғанда,  
Басымды алу басталды Хан Кенеден.

Ұқсамаса егер де қара нарға,  
Оспанды бұлай қымбат бағалар ма?  
Махамбетті мерт қылыш өз үйінде,  
Кейкінің басын ілді бағанаға.

Жеріме қол қусырып құр келгендер,  
Иелік етіп жатты үлгергендер.  
Ұлтымды уландырып таstadtы ғой,  
Ұзақ пен Жәмекеңе у бергендер.

Өткениң толғандырmas текке мені,  
Қазақ талай қанды жас төккен еді.  
Байтақ далам сынақтың алаңы боп,  
Зардабын талай адам шеккен еді.

Жан-жақтан аш бөрідей жалмағанда,  
Біз көрмеген азап та қалмаған ба?  
Сенделіп әлі күнге жүрер едік,  
Сексен алты. Желтоқсан болмағанда.

Былай қойып Алқакөл сұламанды,  
Бастан кештік қасірет, зобаланды.  
Өткен күнді ойласаң өксік кернеп,  
Көңілге салады екен көп аланды.

Шапса да жонғар, қалмақ, ойрат келіп,  
Бұл даланы қорғадық айбат керіп.  
«Есім ханның ескі жолы» көш түзеді,  
«Қасым ханның қасқа жолы» қайрат еріп.

Туғанындай көретін халықты бар,  
Алтын құрсақ анадан алып туар.  
Ерлерімен мақтанар ел едік біз,  
Қозыжаурын жебесі сауыт бұзар.

Ал, бүгін...  
Бұтін бәрі бөленіп салтанатқа,  
Атымызды шығардық шартарара�қа.  
Тарихта тап болған ел көп азапқа,  
Үмітпенен қарап тұр болашакқа.

Шүкір!

## **БАЙРАҒЫМ ЖЫҒЫЛА КӨРМЕСІН**

*Кенесары ханның басы мен денесі  
қосылмайынша, қазақтың да басы  
қосылмайды!*

**Ел аузынан.**

Хас батыр...

Сөзіне сенем бе бұлардың?  
Әй, сенің қасында бұлар кім?!  
Дәл сендей құрбан боп ел үшін,  
Бастарын байласа, ұғармын?  
...Еңсемді көтеріп ел болып,  
Атымды әлемге шығардым.

Хас батыр...

Тәуелсіз ұлы елім,  
Осы ғой сенің де тілегің.  
Бұл үшін басың да домалап,  
Тәнің де бөлінді... білемін.  
Азатпын! Айғай сап әлемге,  
Жылауға шақ қалып... күлемін.  
Жар салып жібергім келеді,  
Жарылыш кетердей жүрегім.

Хас батыр...  
Елімнің жоғалып наласы,  
Жазылды жарасы.  
...Қазақ деп кесілген сол басын,  
Азат боп орнады қарашы...

Хас батыр...  
Рухымды жебесем жан алар,  
Ғайыпқа сіңгендей жоғалар.  
Жарқ ете тұскенде жасындай,  
Деген ем мұнынды бағалар.  
...Қосылған басымды көпсініп,  
Бірақ та... Не дейді мыналар?

Хас батыр!  
Сенбеймін оларға,  
Қайтейін бақытты басқа бір?!

Антымды кірлетсем жолында,  
Жүрегім қолында,  
Жонымнан таспа тіл!  
...Байрағым жығыла көрмесін,—  
деп дүға тіледім... Хас батыр!

## **ҚАЗАҚ ЕЛІ БОЛУ КЕРЕК МӘҢГІЛІК**

«Мәңгілік туын тікті ҚАЗАҚ ЕЛІ»,  
 Қайталашы, не деген ғажап еді?!  
 Көне тарих сөйлесе шежірелі,  
 Тас бұғауда көргені азап еді.

Аман өтіп Алқакөл сұламадан,  
 Қан шенғел, тар қапасқа құламаған.  
 Ел болдым деп еңсесін көтергенде,  
 Жан бар ма қуаныштан жыламаған?

Мерейімді, мәртебемді өсіріп,  
 Өткенімді, кеткенімді кешіріп,  
 Ұлың болып бауырынан түлеген,  
 Абыз даала сөйлеші бір көсліп.

Сөйлеші бір жақындастып алсын,  
 Мейлі бәрі өкпелесін, налсын.  
 Жетесіздер жеті атасын білмейтін,  
 Өздерінің кім екенін тансын.

Батырлары құрбан болған ел үшін,  
 Ақындары жырға қосып жеңісін.  
 Басалқы айтып қариялар төрдегі,  
 Тезге салған тентегімен телісін.

Ат жаратып, тұз тағысын үйреткен,  
Көкпар тартып көксеркені сүйреткен.  
Домбыраның шаң бастырмай шанағын,  
Жанды баурап төгіледі күй неткен?!

Аналары құрт қайнатып, сұр қақтап,  
Киіз үйін оюменен сырмақтап.  
Ұлылардың тәрбиесін көрген соң,  
Ұл мен қызы жүретүғын жыр жаттап.

Біз қазақпыз – сайын дала иесі,  
Тарқамаған тектілігі, киесі.  
Бұл ғана емес бағындырып бар әлі,  
Болашақтан алатүғын үлесі.

Көңілдерден сейілген соң сан құдік,  
Азаттығын шырқап жатыр ән қылып.  
Кермек дәмін талай татқан тағдырдың,  
Қазақ елі болу керек мәңгілік!

## **АУЫЛҒА КЕТЕМ**

Сағыныш сенделген соң бір басымда,  
Анық қой қалада көп тұрмасым да.  
Қаңыраған ауылды сырттан қарап,  
Атам қалған болатын қыр басында.

Не таппақшы деп бәрі айдаладан,  
Түсінбейді жанымды ой қамаған.  
Сол атамның түсіме көп кіреді,  
Топырағы басына ай қадаған.

Ал, мұндағы шаршатты пендешілік,  
Қайда барсаң құтылмас әурешілік.  
Қаланың у-шуынан қашып барып,  
Жусанында жатсам ғой кең көсіліп.

Еске түсіп баяғы кезім бала,  
Жазығыңа қарасам көзім тала.  
Бастасам ғой содан соң бір өлеңді,  
Кең далада өзім – би, өзім – қожа.

Бұл қалада ұялап бойға құдік,  
Шаршатты не бір сұмдық ойға кіріп.  
Ал, сенде жүр ғой менің балалығым,  
Риясыз күлкімен тайға мініп.

Аңсарым алып ұшып далада боп,  
Сағыныш сенделеді санада көп.  
Қойнауында атам бар, қайран, ауыл,  
Қадірінді білдім-ау қалаға кеп.



## **АПАМА ХАТ**

Апа, ұшқанын көрдім сарыала қаздың,  
Шамасы осы болды ма шағала жаздың.  
Жүректер мына қарайған бес күн өмірде?  
Қадірінді білсем ғой бағалап аз күн.

Ұлың едім ғой даланың әні кернеген,  
Жарытып өлең жазуға әлі келмеген.  
Сұлы дорбасы дайын ба,  
сұрайын деп ем?  
Жетім құлышың жетілсе желі көрмеген.

Ашуың әлі басылмай күй тынды құліп,  
Өкпелей білу өзі де сүйкімді қылыш.  
Алақанында өсірген ала таңында,  
Құлыш дауысы шыға ма ұйқынды бұзып?

Балалығымдай баяғы күнім құлімде,  
Сағынып бітті сол кезді ұлың бүгінде.  
Мәпелеп өзің өсірдің жаратып енді,  
Қоңырау тағып қоссаншы құлыш күнімде.

Сәйгүлік шықса үкілеп, халық тағалар,  
Жарайды, қойшы, ол жағы анық та болар.  
Әзірге саған адам сенбейтін сыр айтам,  
Сен жайлы өлең жазамын тарихта қалар.  
...Апа!

## **САҒЫНЫШ**

*(Жұмекен Сабырұлына)*

*Мен де топырақ боламын...*  
**Ж.Сабырұлы.**

Марғасқа жыр ауық-ауық күрсініп,  
Мауқын баспай қабағы да тұр сынып.  
Ұлы дала ұлын қимай жатқандай,  
Ұлы ақынның қабіріне нұр сіңіп.

Жасын ойнап, ақ нөсері сіркіреп,  
Күбір-күбір кең дала да жыр тілеп.  
Күренқасқа кісінейді әз өлең,  
Өзің барда алатұғын бір түлеп.

Кісінейді өрелі жыр сағынған,  
Ол дегенде жарылуши ең ағындан.  
Жалқұйрықты жүйрігің еді ғой,  
Көз тірінде қамау тері алынған.

О, Жұмеке,  
Дара туған текті едін,  
Қадіріңе жеттім, бәлкім, жетпедім?!  
Мұра болған жетім жырды жылжатып,  
Қабырғамды қайыстырды кеткенін.

Ел алдында болсаң дағы мақтаулы,  
Жақтырмайтын жан едің-ау мақтауды.  
Өнүраның әуелеген көгімде,  
Әр қазақтың жүрегінде жаттаулы.

Тектіліктің таптатпаған киесін,  
Сәйгүлік жыр сағынады иесін.  
Шаң қаптырып көрінетін көмбеден,  
Ұлылықтың алдында бас иесің!

Оғылан аға мен өзінді жыр етем,  
Өлмес атың аңыз болып жүр екен?!

Тас боп қатқан жібітетін жүректі,  
Өлең деген...  
Өлең деген – ЖҰМЕКЕҢ!

## **ЕР ТҮРІК**

(Көк бөрінің көзімен жазылған жыр)

*«Көк бөрі! киелі! «Тура кіруді біледі,  
кері шығуды, қанына жат қылыш»  
деп түсінеді.  
Әмір Темір.*

Ей, Ер Тұрік, Ер Тұрік,  
Мен сөйлейін шер тұнып.  
Алп-алп басып жетілді,  
Соңыңдан ерген бөлтірік.  
Азаптап еді бір кезде,  
Ұяласымды өлтіріп.  
Бауырымды да көтертпей,  
Ыза-кеғімді келтіріп.

Ей, Ер Тұрік, Ер Тұрік,  
Осылай мұңға батқанмын.  
Бөлтірігімде көргенді,  
Көксерегімде татқанмын.  
Арс-ұрс қауып шайнағам,  
Болат темірін қақпанның.  
Жамбы түсірер садақтар,  
Жан-жағымнан атқан мың.  
Жалап жазам деп жарамды,  
Қансырап талай жатқанмын.

Ей, Ер Түрік, Ер Түрік,  
Өлген жоқпын, тірімін.  
Көк шоқыға шоңқып,  
Үйреніп көктің ілімін.  
Жота жұні құдірейген,  
«Азыы Керінің пірімін».

Ей, Ер Түрік, Ер Түрік,  
Қатқан мойным бұрылмас.  
Азу тісімді ақситсам,  
Осып түсер кіл алмас.  
Жұмыр тұяқты жылқының,  
Алдынан өтсем жүре алмас.  
Баса көктеп енді ешкім,  
Апаныма кіре алмас.

Ей, Ер Түрік, Ер Түрік,  
Менің кезім сайрандар.  
Кегімді кеткен қайтарып,  
Қан қақсатып ойрандар.  
Құртқа анам үйреткен,  
Алынбайтын айлам бар.

Ей, Ер Түрік, Ер Түрік,  
Жазғанын күтіп тағдырдың.  
Айсыз тұндерде ұлысам,  
Арсызды естен тандырдым.  
«Көк бөрілеп» жортқанда,  
Жауыма қамал салдырдым.

Ей, Ер Түрік, Ер Түрік,  
Аты бар да, заты бар.  
Көкжал мінезім көп ұлып,  
Рухымды көктен шақырап.  
Тілерсегімді қиятын,  
Куғыншыдан да құтылар.  
Оған да енді күн тумас,  
Терімді тірі сыпырап.

Ей, Ер Түрік, Ер Түрік,  
Өткендерімді ойласам.  
Арша иісі аңқыған,  
Жотаңа келіп жайғасам.  
Куаттанарсың құп алып,  
Құрыш тісімді қайрасам.

Ей, Ер Түрік, Ер Түрік,  
Рухыңмен дем беріп жүр.  
Ұяластарды шақырып,  
Ұлығым тағы келіп жүр.  
Ұмыт қылғысы келгендер,  
Мысыққа мені теліп жүр.  
Танымайтындар тарихын,  
Қайтейін, бұған сеніп жүр!

# ТӘУЕЛСІЗДІГІМДІ МОЙЫН- ДАҒЫСЫ КЕЛМЕЙТІНДЕРГЕ

*Қазақ деген ел болған емес. Бұрын  
қазақтың жері болмаған*

**Ғаламтордан.**

Қалай-қалай көпіреді о, тоба,  
Ел болғаным жандарыңа бата ма?!

Көне тарих көрінетін көзінен,  
Бұл қазақты болмаған деп атама!

Сен түгілі әлі жұмбақ маған да,  
Өткен күннің елесі бар санамда.  
Тұлпарымен дүбірлеткен жаһанды,  
Біздей халық болған емес ғаламда.

Бұлар кімдер бақыттымды кемсінер,  
Атым әлі талай бәйге еншілер.  
Ұмытқан-ау тектілікті біздегі,  
Алтын Орда мысын басқан көршілер.

Алдымызда әлі талай алар шың,  
Ішің күйсін, мейлі, көзің аларсын.  
Сақ пен Ғұнның сарқыты бар қазақты,  
Тонықөктің толғауынан табарсың.

Құндыз бөрік, жібек шапан, сетер ат,  
Қонағына астаумен ас жетер ап.  
Алты қанат ақ ордасын тіккенде,  
Көрген жоқпын дейсің қалай, бекер-ак.

Байтақ далам көрінетін жақындал,  
Талай сыннан өттім өшпей атым қап.  
Бұл далада бозбалалар ойнайтын,  
Бесті асауға көксеркені тақымдал.

Күміс сырға, қамзол, бешпет, сәукеle,  
Біздің ғана аруға тән мәртебе.  
Баласына бесік жырын айтатын,  
Қасиеті қанға сіңген ертеде.

Ұлы далам ұлылыққа сыңарсың,  
Қасиетінді қадірсіздер құп алсын.  
...Күмбір-күмбір күй төгетін шанағы,  
Сен біз жайлы домбырадан сұрарсың.

Біздің қазақ тек құдайдан жасқанған,  
Оқы оны өшпейтүғын дастаннан.  
Сен айтқандай ел болмасам егер де,  
Мұның бәрі түсті ме еken аспаннан?!

Талай азап, қылыш тағдыр кештім мың,  
Сынағына сүрінбедім бес күннің.  
Жетпіс жылдай мінді еken деп желкеме,  
Жетегінде кетпеспін-ау ешкімнің.

Көре алмастар көңілімді мұңдайтар,  
Күбір-күбір кең даламда сыр айтар.  
Хандығына бес жұз елу жыл болса,  
Мына бізді болмаған деп кім айтар?



## **АТА ЗАН**

Ханталапай тағдырымның көшінде,  
«Елім-айлап» жылағаным есімде.  
Ал, бүгінде еңсе биік ел болдым,  
Сауын айтып сары дала төсінде.

«Есім ханның ескі жолын» ескеріп,  
Көрген жоқпын әлі ешкімнен сескеніп.  
«Қасым ханның қасқа жолын»  
қарсы алдым,  
Қара таудан қайта бері көш келіп.

Елім үшін тұскен талай егеске,  
Өксікті күн оралады көп еске,  
Жетім ұлды жеті жұттан сақтаған,  
Тәуке жазған «Жеті жарғы» емес пе?

Байрағымды желбіретсем көгімде,  
Қайса мінез қанымда бар, тегімде.  
Дат айтуға дауаламас жүрегім,  
Ата заңым сен тұрғанда төрімде.

Ата заңым – құндылығым, мақтарым.  
Билік айтып тарауларың, баптарың,  
Сенің ғана жүру керек әмірің  
Сенің ғана орындалып шарттарың,

Бірақ, қайдам...  
Ойлайтын тек мал қамын,  
Есі кеткен ессіздерден қорқамын.  
Қадірінді түсінбейтін кірмеден,  
Кірлемесін сенің алтын қорғаның.

Қияр болса, қисын шыбын жанымды,  
Төкті емес пе, талай мәрте қанымды?  
Кірмелер де, басқалар да міндетті,  
Құрметтеуге менің АТА ЗАҢЫМДЫ!



## **БЕЙМАЗА ШАҚ**

Беймаза шақ,  
Бейкүнә ой кешкенде,  
Бозадырдан боздаумен үн көшкенде.  
Бос сүйеніп босағама бейуақта,  
Бір жақсылық күттім үнсіз кештен де.

Бекем бол деп беріп сертті өзіме,  
Бұл тірліктің ерегестім езіне.  
Батылданып қарағым кеп отырмын,  
Боямасыз дүниенің көзіне.

Бірақ, қайдан,  
Бар шындығы беймәлім,  
Бізге жетпей күніренген күй қалың.  
Бақыр басын саудалайды ағайын,  
Базар жаққа шашып барлық жиганын.

Бүгін ешкім қорықпайды тамұқтан,  
Барлығы да ақша іздең жабыққан.  
Бұл халықтан қандай қайыр күтпекпіз,  
Бес тынынның қамын ойлап қамыққан.

Бес-ак күндік бұл дүние жалған бак,  
Бағымызды кетер біздің талқандап.  
Берекелі ел болуды бір кезде,  
Бабам, шіркін, кеткен еді армандал.

Беймаза шақ,  
Бейкүнә ой құлшынып,  
Бесін жырдың қабағы да тұр сынып.  
Бейіт жаққа бет сипадым амалсыз,  
Бейуақ шамда тереңірек күрсініп.



## **БҰЛАНДЫ**

Тұлкі ғұмыр қашқанда қыран көзден,  
Естелік боп қалады бір ән бізден.  
Қайың мен қарагайың сиресе де,  
Орманыңды шұбырып бұлан кезген.

Берсем деп ерен жырмен есесін дөп,  
Бұландының қызырам көшесін көп.  
Сені қимай жүрмін-ау Астанаға,  
Көкелер шақырса да «өсесін»,— деп.

Астана жиып жатыр бар ақынды,  
Сондықтан, аты оның дара, құнды.  
Ал, маган осы жақта бақыттырақ,  
Ай сайын алмасам да жалақымды.

Бұрсендеген қарттарға барды сұрап,  
Жүрсем деп ем апамның алғысын ап.  
Жатсам болды атама арқа сүйеп,  
Көлеңкеде отырса шалғы шыңап.

Тасында тарихы бар өрнек өнір,  
Кісінейді құлын жыр, керне көңіл.  
Босағанда жүріп-ақ тілеуінді,  
Тілейді мансап қуып көрмеген ұл.

Артқа тастап келгенде жабы күнді,  
Жолықтырар екенсің тағы кімді?!  
Асқақтатам дегендер қадірінді,  
Қазып кетіп жүрмесін қабірінді?!



## **ЕҢШІМЕ ТИМЕГЕН...**

Күрсінсе өмірім,  
Иесіз иттердей,  
Имікпе көңілім.  
Жүргізіп әмірін,  
Жар болар Тәңірім.

Үнсіздік билеген,  
Өзінді сүймеген.  
Күндерім бақытты.  
Ешкімге бұйырмай  
Еңшіме тимеген.

Күлсе де өзгелер,  
Мәз болсын езбелер.  
Ертең-ақ еңкілдеп,  
Жылайтын кез келер.

Отырам шағып мұн,  
Әртеніп, жанып мың.  
Қақпасын қаққандай,  
Қараңғы табыттың.

Күрсінтіп күн өткен,  
Жыларатып жүдеткен.  
Арылам мен қашан,  
Осы бір түнектен.

## **ТАСТАНДЫ БАЛАНЫҢ МОНОЛОГЫ**

*(Тумай жатып тастанды қалған  
балалардың көзімен жазылған жыр)*

Жұпар есер жұмақтың күйі сынды,  
Сағындым ана сенің иісінді.  
Кенеземде кеппеген сағынышым,  
Аңсатып сені маған, сый ұсынды.

Тынысын сезбей жатып бұл қаланың,  
Көзімді ашпай жатып мұн қаладым.  
Тумай жатып тасбауыр тіршілікten,  
Өзінді іздең, ана, іңгәладым.

Сенсіз атқан қайтейін қала таңын,  
Құс екеш құс та қорғар балапаның.  
Сұп-суық тағдырымды жылтытатын,  
Жетпей тұр сенің ыстық алақаның.

Құлағымда қалмапты сөзің балдай,  
Сағынамын, сарғаям, төзім қалмай.  
Ақ сүтінді аңсаумен, ана, сенің,  
Таңдайымды жалаймын шөлім қанбай.

Шырылдап мұңымды айтып,  
жылап тұрмын,  
Ей, дүние, мұңыма құлақ тұргін.  
Анам қайда?  
Мен сенен сұрап тұрмын,  
Мені жоқтап келе ме жылап бір күн?  
Ақ уыздан жарып бір татпадым-ай,  
Жып-жылы құшағында жатпадым-ай.  
Пенделігін кешірем, сол анамды,  
Мені тауып алғанша сақта, Құдай!



## **АҢСАУ**

Кендігін аңсап мидай даланың,  
Қалаға мынау сыймай барамын.  
Түкке тұрғысыз дүние болар,  
Ақынсып қағаз шимайлағаным.

Жазылмаған соң өлең дастаным,  
Бәрі де көсем менен басқаның.  
Ағытып бір кетсем ен далага,  
Жалынан ұстап Қүренқасқанын.

Ауылдың аңсап жасан даласын,  
Бусанды көңіл босандағасын.  
Жүйрікке мініп жетіп барсам ғой,  
Тасқа қайратып қасаң тағасын.

Рия жинар сөзден таса қып,  
Құйғытып кетсем көзден жас ағып.  
Жапан далада мауқымды бассам,  
Ой мұжып жүрген кезден жасарып.

Бел буып өтер көмбеден бекем,  
Дәуренді қайда жерлеген екем?!  
Тайбурыл жайлы ертек айтады,  
Ертоқым ұстап көрмеген көкем.

Тағдыры бөлек таныс ортамның,  
Айтылар әлі әні сарсаңның.  
Қарбалас куып қалада жүрміз,  
Қадірін білмей қайыс арқанның.

Ауылдай қала қадірің тұрса,  
Сарқылмас еді сабырым мұнша.  
Жалықпас едім тірлігін емес,  
Тақымын қысып тағдырым тұрса.



## **ЖЕТИМ**

Сүреңсіз қалада  
Сүйкімсіз панаы,  
Жүзінде жүректің наласы.  
Пенделер безінген  
Сол жетім баланың,  
Қараңғы тұн ғана анасы.

Тұн ғана түсініп,  
Тұн ғана тындайды.  
Күндері ұсынып мұн, қайғы.  
Ол десе тағдырдың  
Тілі де шырмалып,  
Үн-тұнсіз өткенін ымдайды.

Араша түсем деп,  
Зарлаған үндерге,  
Есесі кетпеді кімдерге?!

Жылайды, бірақ, ол  
Тек қана тұндерде,  
Көз жасын көрсетпей күндерге.

Жылайды, көрмеген  
Күндерін сағынып,  
Сұрайды, Тәнірге жалынып.

Мөп-мөлдір жанарын  
Жайланаған жасына,  
Кетеді кірпігі малынып.

Тасбауыр қаладан,  
Мейірім іздейді,  
Іздейді үмітін үзбейді.  
Бірақ та жарасын  
Қара тұн секілді,  
Біздегі тас жүрек сезбейді.

Жүретін жанары  
Жылулық шақырып,  
Күндерде көрмеген «ah» ұрып.  
...Бүгін жоқ, келмеди  
Сол жетім баласын,  
Қара тұн алды ма жасырып?

Мейірім іздеген  
Жүзінде жас қалып,  
Жүретін сол жетім жасқанып.  
Күндерге соқпады  
Үзілді өйткені,  
Түндерден ең соңғы жас тамып.  
...жас тамып!

## **ЖОЛДАР**

Шұбатылып жететін алыс қырдан,  
Жолдар, жолдар талайды табыстырған.  
Талайларды айырып орта жолда,  
Баар жерін мәңгіге алыс қылған.

Жолдар, жолдар, сенде жатыр сан арман,  
Сенде талай үміт оты жоғалған.  
Саған қарап талай жанаң суалып,  
Саған қарап талай самай ағарған.

Жолдар, жолдар, шаһиттердің мекені,  
Құмға көмген талай ана, әкені.  
Кейбіреулер құрсағына сыймаған,  
Нәрестесін саған тастап кетеді.

Жолдар, жолдар – көпті көрген кейуана,  
Сан күдіктің куәгері сен ғана.  
Қойнауыңа жас аралас қан сіңген,  
Сен жатырсың қайғы жұтып жай ғана.

Сүрлеуінде сан сүрініп жүрген көп,  
(Еңсенді бір көтерсеңші күлген боп).  
«Жолың болсын», –  
деп жүретін жортқанда,  
Жол қадірін қазақ қана білген тек.

## **ҚЫТАЙДАҒЫ ДОСҚА ХАТ**

*Бұрынғыдай емес бұл жақтағы қазақтардың жағдайы қиын.*

*Қыспақ көп. Одан қалды үйгырлар мен қытайлардың қақтығысы алаңдатып отыр.*

**Facebook-тен келген хат.**

Жылатты ма жаныңды іргедегі,  
Үрімжінің үрейлі дүрбелені.  
Елдің жайын ойласам ол жақтағы,  
Жеткізе алмай қызыл тіл күрмеледі.

Артқа тастап баяғы арман күнін,  
Жыр етіп дүниенің жалғандығын,  
Кісінейді Алтайдың ар жағында,  
Үйірінен бөлініп қалған құлын.

«Елім-айлап» есімде маздағаның,  
«Тағдыр-айлап» төгілген аз ба қаның.  
Жұтылып кеткендер бар жер бетінен,  
Зәріне төземіз деп аждаһаның.

Ұлтжанды ұлдар аз ба жарығы бар,  
Елі үшін егілген бәрі бұлар.  
Бір миллиардтан бірдене білмесе егер,  
«Қылмысты» жазбас еді Қажығұмар.

Байрақты елдің батасын көтергесін,  
Бәрін тастап, жиналыш көшем десін.  
Аттың басын бұрындар туған жерге,  
Шаңдатып Алатауға көш өрлесін.

Көш өрлесін...  
Көтеріңкі күй кетіп,  
Оралындар қара жорға билетіп.  
Өз тіліннен жеріп жүрген жандарды,  
Өзге емес өз тілінде сөйлетіп.  
Оралындар... көксеркені тақымдал,  
Көкпарға тартып сүйретіп.

Адырап қалдық бір кезде,  
«Елім-айлап» еніреп,  
Алқакөл мұнын кешкенде,  
Қара көзге жас келіп,  
Қаратудан көшкенде.  
Тауға соғып тағдырын,  
Табанын тастақ тескенде.  
Ал, бүгін, бірақ...  
...алшыдан түсіп асығым,  
Көшпенді жүрттың ұрпағы,  
Көшбасшы болды, сескен бе?!

## **СЕНІ ІЗДЕЙМІН**

Сені іздеймін жүрек жылап жаралы,  
Жоқ іздеген көңіл-күйім қаралы.  
Менсінбесе, менсінбесін басқалар,  
Сені тілім іздейтіндер бар әлі?!

Сені іздеймін көкелер бас қосқанда,  
Сені іздеймін мейлі, дұшпан, достан да.  
Керексіз боп қалғаның ба, қайран, тіл,  
Сенімен жазған еді дастан да.

Сені іздеймін жауым кері бұққанда,  
Арқа сүйеп қадірінді үққанға.  
Сені іздеймін атқа мінер ағалар,  
Алшаң басып ел алдына шыққанда.

Сені іздеймін, сен қымбатсың барымнан,  
Жаралғансың ұлттық намыс, арымнан.  
Сені іздеймін жылап тұрып ана тіл,  
Көшедегі жарнамадан жарымжан.

Сені іздеймін әрбір жиын, тойдан да,  
Сені бәрі керексіз қып қойған ба?  
Сені іздеймін әлді мен ананың,  
Бата беріп ақсақал қол жайғанда.

Сені іздеймін мынау бес күн фәниден,  
Сені іздеймін тәй-тәй басқан сәбиден.  
Іздең келем, іздең келем ана тіл,  
Куантсаңшы сен табылып әр үйден.



## ХАТ

(Мұқагалиға)

Сәлем хат!

...Бізде аман, бәрі де сол... үйренген,  
Баяғы жұрт жалықпайтын құйбеңнен.  
Ал, мен болсам таңдал жүріп сіз айтқан,  
Жаны жақын жалғыздыққа үйленгем.

Басқасы сол. Сол уақыт тоқтайтын,  
Сол бір дәурен мәнін ешкім ұқпайтын.  
Халқың да сол бәз баяғы қалпында,  
Өлгеннен соң «жақсы еді»  
деп жоқтайтын.

Баяғы сол күткенменен бас аға,  
Ақындарды жақтырмайтын босаға.  
Баяғы сол көк кептерлер сүйісіп,  
Жанбыр жауса, тығылады тасаға.

Баяғы сол жол бермейді жабылар,  
Естісі де, ессізі де табылар.  
Өткен кезде өлең аңқып тұратын,  
Ақындардың лашығы әлі бар.

Әлі де бар. Сен шырағы сөнбейтін,  
Содан табам бір медетті емдейтін.

Өлеңінді жатқа оқиды ұрпағын,  
Өз тілінде әрең-әрең сөйлейтін.

Атым шығып кеткенменен жан-жаққа,  
Бітіргенім осы ғана сен жоқта.  
Өлең тұнған өзегінде о, Мұқа,  
Бізде осы,  
...Сізде қалай ол жақта?



## **БІЗ ЖАҚТЫҢ БОРАНЫ**

Біз жақта алдынан жолығар,  
Ақтүтек боран мен үйілген омбы қар.  
Құшағын жаяды қош келдің дегендей,  
Бетінді қаратпай ентелеп алқынар.

Кезі жоқ жай ғана аялдап, тыныстар,  
Алқынып шығады жігіттей ту ұстар.  
Жол жүрсөң жетеді асығып алдынан,  
Шашады содан соң уыстап күміс қар.

Біз жақтың бораны белінді будыраар,  
Арқасы қозғанда атой сап шу қылар.  
Бес күні қараған төрт түлік малына,  
Ауылдың халқының ашуын тудырар.

Қүрелген жолдары кейде жоқ, кейде бар,  
Жол алған жолаушы мың мәрте ойланар.  
Тек қана бізде бар, үйменен бірдей бол,  
Тау болып үйіліп жататын үйме қар.

Жүзінді тайдыраар бораннан бүйіғып,  
Омбығып, аппақ қар қонышқа құйылып.  
Сары аяз қысқанда дірілдеп, қалтырап,  
Біз жаққа келгендер кетеді сый ұғып.

Біз жақтың бораны бейтаныс досындей,  
Ашуы тым ұзақ тұратын басылмай.  
Қасқырдай ұлитын түнімен тынымсыз,  
Біз жақтың бораны... осындей.



Арғы жаңай, мәдениеттің жаңайтында  
Онда да олар да көрсеткіштің жаңайтында  
Олар да көрсеткіштің жаңайтында  
Олар да көрсеткіштің жаңайтында

— Оның да көрсеткіштің жаңайтында  
Онда да олар да көрсеткіштің жаңайтында  
Олар да көрсеткіштің жаңайтында  
Олар да көрсеткіштің жаңайтында

## ATA

Сенгенің о, ата осы ма?  
Сенделіп көшеде босқа жүр.  
Дейтінсің сен ылғи «жасыма»,  
Ойларды жамылыш басқа бір.

Жазғам жоқ ондыртып жыр әлі,  
Оқысам өкпелеп қаларсың.  
Қалдырган Құраның тұр әні,  
Бірақ та ашқам жоқ... ұғарсың.

Опасыз ойларым шатасып,  
Сағыныш сенделіп санада.  
Иесіз иттермен таласып,  
Кор болыш жүрмін ғой қалада.

Ойлаған көкелер өз басын,  
Інім деп тартады бауырға.  
Көрінбей тұрғанда көз жасым,  
Шақыршы кетейін ауылға.

Қабыл боп тілегің, дұған да,  
Бұл балаң ақын боп атанды.  
Жатайын шүкір деп бұған да,  
Жамылыш сен киген шапанды.

Сенгенің о, ата осы ма?  
Сенделіп көшеде босқа жүр.  
...Бірдене десенші басына,  
Бәйшешек көктеген тас қабір.



## **ӨЛЕҢ**

Қаумалай берді ғой деп мынаны мұн,  
 Бір басыма артарсың күнәні мың.  
 Өндіртіп жазбаған соң өзгелердей,  
 Өлең сенің алдында кінәлімін.

Тізгініңе жүруші ем жағаласып,  
 Бас бермей кететінсің ала қашып.  
 Жал-құйрықты едің ғой, жүйрігім,  
 Қалдың екен қай жерде қара басып.

Көп болды сөз сүрініп, ой қашқалы,  
 Жалықтым жырға қосып жай басқаны.  
 Тарығып таптай жүрмін тарпаң мінез,  
 Аптығы басылмаған Айқасқаны.

Ебін тапсан үйлер өзі-ақ басы,  
 Өрелі өлең біз жаққа тұрақташы.  
 Кекелер қадірінді қайдан ұқсын,  
 Бір ауыз болмаған соң қазақшасы.

Бәз біреулер қор қылып желігеді,  
 Еріккендер ермек қып ерігеді.  
 Көзіме бір көрінші жаратайын,  
 Құлын күнің есімде желідегі.

Көтеріп тастайтұғын өр еңсені,  
Іздеуменен келемін Өлең сені.  
Жүген ұстап баяғы жүртта жүрмін,  
Кім екен жырақтатқан менен сені?!



## **ҚАНАТ ҚЫДЫРМИНГЕ**

Көркем мінез, жомарттығы бір басқа,  
Мәрттігінің мәні биік марғасқа.  
Адамзатты алалауды білмейді,  
Бәріменен сырлас, құрдас, жолдас та.

Бір бойында өнері бар жететін,  
Өскелең жас мақтан, үлгі ететін.  
Қайырымдылық қанында бар қасиет,  
Астындағы атын беріп кететін.

Кішіпейіл, сөз сөйлейді паңданбай,  
Қалмау оны мүмкін емес аңғармай.  
Тектілік пен тәрбиенің мәйегі,  
Мәдениет ауылында мән бардай.

Ақ батамен тұсаулары кесілген,  
Не бір тұлпар осы маңда көсілген,  
Бұл – қазакы тәрбиенің арқасы,  
Ұл-қыздарын үлгілі қып өсірген.

Қапияда жаза басып көрмеген,  
Сәйгүліктері көрінетін көмбеден.  
Сол тәрбие жетпей тұр-ау қоғамға,  
Жаны жүдеп, рухани шөлдеген.

...Әрбір сөзі көңіліце қонатын,  
Фибраттан жүрек сая табатын.  
Көңілің де көтеріліп қалады,  
Көрген кезде Көкшетаудың Қанатын.

Көксегені ынтымақ пен береке,  
Текті сөзге қозбас қалай делебе.

...Жомарт болар жөні бар-ау, өйткені,  
Алла елшісі оған үлгі, өнеге.



## РУХЫМ ҚАЙДА?

(Хан Абылайга)

«Көк бөрі» еді ұраным!  
Абылай хан.

Бөрлі басы – ұраным,  
Бөрлі менің байрагым.  
Бөрлі байрақ көтерсе,  
Қозып кетер қайдагым.  
Сүйінбай.

Рухым қайда?  
Бойымда қайнар қасқыр қан,  
Қасынан қуып қорқауларды қас қылған.  
Жалған намысын желеу етсе арсыздар,  
Айбат шекпей-ақ айбынымен састырған.

Рухым қайда?  
Атылып топқа сүйреген,  
Басын иіп ешкімнің қолын сүймеген.  
Жанына батса жарасын жалап жазатын,  
Жалыну менен бағынуды білмеген.

Рухым қайда?  
Талайды кеткен азаптап,  
Сұсы қашқан түріміз мынау боз, аппақ.

Барыс болдың деп мақтайды біреу бетіме,  
Мысы басылған мысық бейнемді мазақтап.

Рухым қайда?

Ұқсайтын үрей дауылға?

Рухым қайда?

Төзетін қыын, ауырға,

Қасқайып тұрып ешкімге басын имейтін,  
Көк бөрі бекер басқан жоқ мені бауырға.

Текті бабам

Көктүріктен тараған,

Арғы тарихын көк бөріге балаған.

Тарғыл мысық тағына келіп жайғасса,

Мұны қалай өшіре салам санадан?!

Жанарына қарauғa тура жасыған,

Бөрі рухым алқынар шаққа асығам.

...Қарсыласты мысы басатын алыстан,

Қасқыр мінездің қалмағаны осыдан?!

Таң қала көрме?

Қорқауларға жем болсам,

Таң қала көрме?

Рухым әлсіз, кем болсам.

Барыс та емес, бөрі де емес бір күні,

Түсіне кірген «бақа-шаян» мен болсам...

## **ЗАМАНА ТҮСІ**

Мына жүрек...  
Тілім-тілім тілініп,  
Тыныштығы бұлініп.  
Дәті жетпей барады,  
Дат айтуға жұлынып.  
Еңсемді де көтеруге шама жоқ,  
Кеңсемді де тастап шықтым тұңіліп,  
Қабағыма мұн іліп.

Тасбауырлау тағдырына налыған,  
Жатбауыр бол жүргендерге жолығам.  
Тұз тағысын көру арман бол кетті,  
Қорқаулар көп керуенімді торыған.  
Тас қараңғы көшелерде ұлиды,  
Сары қанден бұрыштарға сарыған.

Жатқан жан жоқ ойланып,  
Керендікке кетіп барам байланып.  
Қорқаулары қорған болам деп отыр,  
Жетім дала жемтігіне айналып.

Естілері қой бағуға қамданып,  
Ессіздері төрде отыр панданып.  
Ақымақтар ақыл айтса мына жұрт,  
Шапалағын соғып жатыр таңданып.

Дегендейін жігерінді құм қылсын,  
Есіркеусіз естен шықты мың бір сын,  
деп кейде заман жайлыш түстер көрем,  
...Мүмкін, өнім кім білсін?!



## **СҮРЕТШІ**

*(Ж.Ханайұлына)*

*...Үш жыл болды қылқалам  
ұстамағалы.  
Бірақ, сағынып жүрмін.  
Суретшінің сөзінен.*

Сағынасың, әрине, сағынасың,  
Жалған күлкі жақпайды жаның шың.  
Көз жұмып қарағың кеп бұл тірлікке,  
Сарылып әлі талай сабыласың.  
Күз болып жапырақтар құлағанда,  
Бірге құлап сол жерден табыласың.  
Құніреніп жетім бақ жылағанда,  
Құлазып сенде бірге жабығасың.  
Жанарынан басқаның жас тамғанда,  
Бірге жылап сол жасқа малынасың.  
Себебі, сен өнердің адамысың,  
Сол үшін сағынасың, сағынасың.

Сағынуда мен сенен үлгі аламын,  
Сені де сағынуда бұл ғаламын.  
Орал, қане, кері қайт, бастап жібер,  
Жетімсіреп қалмасын қылқаламың.  
Суретіңмен сен шыңың басындастың,  
Тал, терек тіпті дала тасындастың.

Алқарапек аспанды тілгілеген,  
Жалт ойнаған найзагай, жасындасың.  
Ай – сүйіп, күн – тербетіп, жел – жұбатқан,  
Мұңайып солған гүлдің қасындасың.  
Қайталанбас сәттерді бейнелеген,  
Шабытың жанбай жатып басылмасын.

Сезе білер жалғанның қонағысын,  
Сол үшін де күтеді, болады сын.  
«Жынды» дейді біреулер ал, ондайлар,  
Көре, біле алмайды көп алысын.  
Сүйіп тұрып жек көрер біреу сені,  
Себебі, сен өнердің адамысың.



## **ОЙНАМАНДАР**

Шыққан талай ғұлама, ойлы адамдар,  
Бұл қазақты тексіз деп ойламандар.  
Ұлтарақтай жер үшін жанын берер,  
Ұлтымның намысымен ойнамандар.

Бізге айтылған сол бір сөз «текті» деген,  
Найзағайдай намысым көк тіреген,  
Қарсыласқан дүшпан да мына бізді,  
Қаһарына мінбесін деп тілеген.

Айбаттансам жанарым оттай жанған,  
Қандай жауда сескеніп тоқтайды алдан.  
Абайсыз тиіскендер елдігіме,  
Жер бетінен өздерін таппай қалған.

Жазира кең даланы жайлаған бар,  
Ұлтымды намыссыз деп ойламандар.  
Аманатын бабасының қорғайды олар,  
Әлі күнге сертінен таймағандар.

...оданша ойнамандар!

## **КӨК КҮШІКТІҢ МАЗАҒЫ**

Қала тыныш, қара жолдар күндегі,  
Бірақ, бір ой қазып жатыр іргені.  
Әйткені,  
Үйшігі бар иттердің,  
Естіледі үргені.

Өрт бол жанып өр кеудем,  
Әлі қанша шығар екен сергелден?!

Шәуілдейді баспанасыз ақынға,  
Үйшігіне тығылып ап бір қанден.

Дей алмаймын бәрін жасап бітірдім,  
Сонда дағы тағдырыма шүкір мың.  
Әлгі қанден мазақ қылды шамасы,  
Е, жарайды десе, десін, түкірдім.

Жұрген жоқпын аш жалаңаш, жабусыз,  
Қалған жоқпын тағдырымды танусыз.  
Мен өмірді жақсы көрем, болса да,  
Жалдап алған баспанадай жағымсыз.

берсін үйшігі бар иттері,  
Үйренісіп кеттім оған өйткені.  
...Жағынуды жақсы көрмей жалғанда,  
Билік құрып жүрді емес пе көк бөрі?!

Үре берсін,  
Үре берсін иттері...

## **АНТИВИРУС**

Шала жансар дүбәралау тілі бар,  
 Мәңгүрттенген мән жайымды кім ұгар?!  
 Ұлы жұрттың улап бітті ұрпағын,  
 Ұры заман мың түрленіп құбылар.

Қайтер екем,  
 Ертеңіме не деймін?  
 Өз тіліме өзім неге өгеймін?!  
 Тамырыма бара жатқан тарапып,  
 Мәңгүрттіктің жолын қалай бөгеймін.

Тілім десе тағдыр мұнын кешкен ем,  
 Арашага түсsem дағы кеш келем.  
 Түрі қазақ, тілі басқа ұрпақтың,  
 Тірі тұрып тірлігінен сескенем.

Іштей жылап,  
 сырттай тұрмын күлімдеп,  
 Қайтем енді қаумалаған мұңым көп.  
 «К»-ға тілі келмейтұғын қазаққа,  
 Азуымды ақситамын жыным кеп.

Қаным қайнап, жарылуға шақ қалам,  
 Жо-жоқ, тоқта, тұра тұр деп сақтанам.  
 Қазір емес, күні туар сол күні,  
 Айбалтамды айқара ұстап аттанам.

Аттанаармын АНТ етейін сізге де,  
Күт, күте тұр үмітінді үзбе де.  
Ал, әзірге мәңгүрттерден сақтайтын,  
АНТИВИРУС керек боп тұр бізге де.



## **ЖАЗЫҒЫҢ ҚАНДАЙ БАР ЕДІ?**

*(Алаштың арда үлдарының  
«АЛЖИР»-ге қамалған аяулы  
жарлары мен аналарының рухына)*

Апайлар, аналар, женгейлер,  
Қамалды мұнда сендейлер.  
«АЛЖИР»-дің аяусыз жарасын,  
Азаттық емдей бер, емдей бер.

Жоқтаған жұбайын, баласын,  
Тындармай жесірдің наласын.  
Келмеске кетсөң де бәрібір,  
Бәрібір есімде қаласың.

Күрсінген, жылаған, егілген,  
Аяусыз көз жасы төгілген.  
Апайлар, аналар, женгейлер,  
Тыныштық тапқандай қабірден.

Қайран да заман көп қамал,  
Откенге бір сәт тоқтап ал.  
Аяусыз кінә таққан ең,  
Ал, енді өзің актап ал.  
Әр жерге қалған төмпешік,  
Елесін соның актарар.

Жесірдің зары, жоқтауы,  
Жаңғырық мәнгі боп қалар.


Өшкеніменен өткен күн,  
Кеудеде кетпес дақ қалар.  
Жазығың нендей бар еді,  
Аяққа түсіп тапталар.

Жарық күн үшін алдағы,  
Құрылған барлық арманы.  
Азапты кеткен менсінбей,  
Не деген еді талғамы?  
Бар жазығы сол еді,  
Жақсының болған жан-жары.  
Алаштың арда ұлының,  
Қамқоршысы болғаны.

Көтере алмас қара нар,  
Көнілде кетпес жара бар.  
Өткеннің толмас зардабын,  
Қария тарих бағалар.  
Төрінен орын алар-ay,  
«АЛЖИР»-ге түскен аналар.

Екінші бөлім

# АЙДАҒЫ ДАУЫС



## РАМАЗАН

Сен келдің...

Мұміннің жүзіндей нұрланып,  
Тәһәжүт оқыған сопыдай ұрланып.  
Азаннан шайтанымен бір қашып,  
Адаса бастап ем шырмалып.

Сен келдің...

Бойымды рукуғқа игізіп,  
Маңдайды сәждеге тигізіп.  
Құранды жүрекпен жаттатып,  
Көзімді харамнан тыйғызып.

Сен келдің...

Шайтанның қамалын қиратып,  
Жетімді жарылқап, сыйлатып.  
Ертеңгі болатын ұлы сот –  
Қиямет жайында ойлатып.

Сен келдің...

Нәпсіні құрықтап, жүгендең,  
Жанымның жарасын мың емдең.  
Алланың сүйікті құлдарын,  
Тарауық намазда түгендең.

Сен келдің...

Мейірің, мәртебең жоғарылап,  
Жанымды жүргенде жоқ арбап.  
Ораза ұстаған жандарға,  
Алланың сыйлығын хабарлап.  
Сен келдің...

Тақуа құлдарға асырып,  
Жасаған амалын асырып.  
Құранды түсірген ең ұлық,  
Қадірлі түнінді жасырып.

Сен келдің...

Бойымнан сейілтіп күмәнді,  
Өшіріп, кешіріп күнәмді.  
...Құлшылық айында Аллаға,  
Періште жеткізер дүғамды.

## **НАМАЗ**

Мұміндер...  
Ең ғажап әсерге бөленіп,  
Ең ұлы сезімге кенеліп,  
Жүрекпен еске алып Алланы,  
Алдында сап түзер теңеліп.

Білініп тап-таза ниеттер,  
Тіленіп ең ұлы тілектер.  
Жеңілдеп керемет күй кешер,  
Дұғамен жуылып жүректер.

Байланып Құранмен киелі,  
Раббысына бастарын иеді.  
Бес уақыт тазару күн сайын,  
Мигражда жасалған сый еді.

Рауандап атқанда ғажап таң,  
Өзінді тамшыдан жаратқан,  
Аллаға сан мәрте шүкір де,  
Тілдерің босамай мадақтан.

Алып күн шыққанша уақыт бар,  
Құтылып қалатын тозақтан.  
Күн нұры төбеңнен ауғанда,  
Азанмен әрленіп бар маңда.  
Не жетсін намазда сап түзеп,  
Алланы есіңе алғанға.

Иманның бір ғажап жақұты,  
Құлшылық...  
пенденің бақыты.  
Күн күліп батқанша жиекке,  
Екінті намаздың уақыты.

Ібіліс...  
Шырмайды ғұмырды қалған аз  
Имансыз жүрекке қорған аз.  
Іңірде, қараңғы түскенше,  
Ақшамда жайылсын жайнамаз.

Батыстың шапағын тұн ұрлап,  
Сайтаны құлаққа сыйырладап.  
Мұнафіқ мұң кешер бұл кезде,  
Мұміндер бір саты жоғарыладап.

Ұйқыға кеткенде тіршілік,  
Жынойнақ басталар құлшынып.  
Ал, бірақ, шайтанды жылатып,  
Мұсылман жасайды құлшылық.

Үлкен сый нәпсісін жыққанға,  
Үлкен мән ертеңін ұққанға.  
Бір Алла кешірер күнәнді,  
Дүға қып отырсаң құптанда.

## **КӨКШЕДЕ НАУАН ӨТКЕН НАРҚЫ БИІК**

Әу баста болғаннан соң Ҳақ талабы,  
Талай тексті жайлаған Ақмоланы.  
Соның бірі атанған «Науан хазірет»,  
Наурызбаймен ел-жұрты мақтанды.

Құдіретімен Құдайдың дара туған,  
Алатын ғибрат көп саналы үлдан.  
Тар заманда мешіт пен медіресе сап,  
Ұлтын дінге шақырған Науан имам.

Елінің ақ сенімін арқалаған,  
Білім іздең шарқ ұрған арқалы адам.  
Әлихан, Мағжан, Ғабит, Сәкен сері,  
Бекерге оған еңбек арнамаған.

Тұрса да не бір сынақ толып алдан,  
Оқуда бағы жанып жолы болған.  
Орта Азияға танымал сол заманда,  
Бұхар менен Бағдатта білім алған.

Тұлпардай шаршы топта терге бөккен,  
Азамат қой қашан да ел деп өткен.  
Оқудан соң оралып туған жерге,  
Көкшетауда имам бол еңбек еткен.

Мешіт салып, шәкірт жиып өнірлерден,  
Жастарға жалықпастан білім берген.

Ұлық дін Исламды насихаттап,  
Ағарту ісіне де көңіл бөлген.

Кейін елдің шықпаса да тас талқаны,  
Ұшып кете жаздады бастан бағы.  
Қазақтың қабырғасын қайыстырды,  
Солақай саясаттың басталғаны.

Болды ғой басқыншының желіккені,  
Отар ел отырады күтіп нені?  
«Бодандардың барлығы патшаменен,  
Бір дінде болады»,— деп үгіттеді.

Куанта қоймады бұл тірі жанды,  
Аямады асылын қорығанды.  
Дін мен тілін қызғыштай қорғаймын деп,  
Науан хазірет ұлтшылдың бірі болды.

Сібірге жер аударды кінәлі деп,  
Ол жайлы қарт тарихтың сұрағы көп.  
Бар ғұмырын еліне арнап өткен,  
Үрпағына қалдырыды мұраны көп.

Арысын қойсын ба ел талаттырып,  
Арашаға кірісті балақ түріп.  
Қалың елі қаумалап қоймаған соң,  
Наурызбайды жіберді босаттырып.

Уақыт өтіп, ай күнін алмастырды,  
Баяғы бейбітшілік малдас құрды.  
Халқының қамын жеген Науан имам,  
Игілікті істерін жалғастырды.

...Білімі бізге берген аманаты,  
Қол жетпес мұра болып саналады.  
Ұрпақ үшін ұлтының қамын жеген,  
Ел есінде мәңгілік Науан аты.



## **ДҰҒА**

Иә, Алла!

...Сен жаққа аттанам түбінде,  
Жоқ әзір дайындаған түгім де.  
Шайтани ойлардың тұтқыны,  
Сен берген ақ жаным бүгінде.

Таусылып соңғы дем күшім де,  
Тартылып амалым, ісім де.  
Қараңғы қабірде сұралам,  
Оянып ақ кебін ішінде.

Не деймін?

Түк болмай жиғаным,  
Көpteу бол күнәға қиғаным.  
Жүрекке рия жинаған,  
Пайдасын бермесе иманым.

Сауаптан қағылып жай, тегін,  
Не деймін сонда мен... айт емін?  
Шыңжырлап жан алғыш періште,  
Тозаққа сүйресе, қайтемін?

Жо-жо-жоқ, болса да күнім мұн,  
Күнәсін кешіріп тілімнің.  
Өзіңе сәждे ғып өтетін,  
Тағдырын нәсіп ет мүміннің.

Кәміл боп иманым сенетін,  
Тек қана жұмаққа енетін.  
Қоса гөр құлдардың қасына,  
Дидарлы жүзінді көретін...

Әмин!



## **СУИЦИД**

Бір індет басқалы жастарды...  
Қаншама жас тамды?  
Қаншама шаңырақ бос қалды.  
Өрімдей балалар,  
Топырақ жастанды.

Бір күндік ашуға беріліп,  
Бір күні бітпестей көрініп.  
Бір ғұмыр келмеске кеткенде,  
...Көзден жас төгіліп,  
Жоқтайды егіліп.

...не пайда?  
Неліктен?  
Бүгінгі жастарың желіккен?  
Имансыз бос қалған жүректі,  
Жынойнақ айырып еріктен.

Елітіп, санасын шайқаған,  
Шайтаны сыбырлап айтады ән.  
Ашуын алған соң ажалдан,  
Өмірге келмейді қайтадан.

Қараши!  
Өзіне қол жұмсап өлгемен,  
Айықпас жаңының наласы,  
Жазылмас жүректің жарасы.  
Өзіне қиянат жасаған,  
Адамның тым ауыр жазасы.



## **КЕРУЕН ДЕ КЕРУЕН, КЕРУЕН КҮН**

Керуен де керуен күндерді,  
 Деп жүрме бізге кім берді.  
 Шеберлікті дәл мұндай,  
 Бір Алла ғана менгерді.  
 Жаратты бізді, сендерді,  
 «Құлым» деп бәрін тең көрді.  
 Адасып соққан жүрегім,  
 Құранды оқып емделді.  
 Тозақты ойлап түзеліп,  
 Жәннатты ойлап жөнделді.

Көзіңді салып салмасқа,  
 Ойыңды бұрып бұрмасқа.  
 Қаншама күнә жинадың,  
 Қаңырап жүріп бір басқа.  
 Керуен де керуен, керуен күн,  
 Кепілің бар ма тозбасқа?  
 Тәубаға тілің келмесе,  
 Шаршама шалып бозқасқа.  
 Ал, егер болып иманды,  
 Алла деп айтсаң сөз басқа.

Конса да басқа мың бір бақ,  
 Нендей бір істі тындырмак.  
 Имансыз өтсе күндерің,

Сағыңды сонда сындырмак.  
Тоз-тозыңды шығарар,  
Тозаққа тастап, шынжырлап.  
Қорықсаң жаса құлшылық,  
Жаныңың шамын жандырмак.  
Сағынып жетсең сәждеге,  
Кәусәрінді қандырмак.

Адамдар болып ез кеуде,  
Жалғанның мәнін сезбеуде.  
Жынайнақпенен еліртіп,  
Ібіліс бәрін көздеуде.  
Шарапқа тойып шатасқан,  
Пенделер мұны аз деуде.  
Ақиқат іздеп аһ ұрган,  
Жүрегім бұған төзбеуде.  
Бір Аллам өзің жар бол тек,  
Көнілім үміт үзбеуде.

## AFA

«Ішпе» десем ары-бері сенделіп,  
«Ақыл айтар кімсің», – дейсің сен келіп.  
Ойлан, аға, керегі жоқ тоқтатшы,  
Мынау деген жалған дүние пенделік.

Аға мына жатысың не жолда мас,  
Азғындарды Аллам өзі қолдамас.  
Ойлан, аға, есінді жи, кеш емес,  
Арақ сені ақыретте қорғамас.

Шылқа мас боп сен келгенде айқайлап,  
Балаң шулап, жарың қалар ойбайлап.  
Сенің мына жүрісіңе қарап-ак,  
Қартаймай ма ата-анаң да қайғы ойлап.

Бұл жалғанның қызығы да көп емес,  
Сауалтансаң жолынды ешкім бөгемес.  
Ертең сені құтқармайды тозақтан,  
Арақ-шарап, айғай шумен тәбелес.

Аға, аға, арақ болса сенгенің,  
Сайтан істің сауығына көнгенің.  
Өте шығар мынау жалған бек күнде,  
Иман досы жұмыр басты пендениң.

Жаза басып, жаңылмаған жан аз ба?  
Үңілші, аға, аяты бар қағазға.  
Дәретіңің суын дайында берейін,  
Аға, жүрші, жығылайық намазға.



Любимые чистые яблочки, яблочки  
всегда сияют ярко, яблочки  
всегда ярко блестят, яблочки  
всегда ярко блестят, яблочки

Ушінші бөлім

# ЖЫЛАҒАН ЖҮРЕГІМДІ ЖҰБАТАДЫ...



## **КҮЗ. ҚАМЫСТЫ КӨЛ**

Жетімсіреп қалыпсың Қамысты көл,  
Бәз біреулер басыңнан бақ ұшты дер?!  
Қошын айтып қайтқан құс тізбегіне,  
Айналаңа қоңыр күз қоныс тігер.

Көндігіп-ақ кетерсің жылап аз күн,  
Қаңқылын да ұмытып, сірә, қаздың.  
Айдынында қалқиды жапырақтар,  
Жолданбаған хатындей бұла жаздың,

Жел жапырған қамыстың түркы мына,  
Шуылдайды бас иіп бір қырына.  
Толқынын да, ерем деп тербеледі,  
Қырдан асқан құстардың қикуына.

Жусан исі ұмыт бол жауын сіңген,  
Жолығарсың қыс келіп ауыр сынмен.  
Ал, әзірге жазайын жаңа өлең,  
Сарыала қаз қалдырған қауырсынмен...

## **ҮНДЕМЕДІҢ**

Үндемедің...

Дәл осылай боларын білген едің?!  
Жүгірмек жел сен болып құле қашып,  
Жүрегіммен ойнайды күнде менің.

Гашықтық хатын оқып әр түнінде,  
Жапырақтар сөйлейді жыр тілінде.  
Мен сүйетін жалғыз мұң сенің ғана,  
Жас болып ілініп тұр кірпігінде.

Ілініп тұр жас болып бір ғана мұн,  
Бастаған сезім күйдің шырғалаңын.  
Мөп-мөлдір жанарыңнан кейде менің,  
Келеді тамшы болып сырғанағым.

Ұмытып тағдырымның қылбұрауын,  
Мұнмен жамап көнілдің мың құрауын.  
Жанарыңнан жас болып үзілсем де,  
Келмейді мәңгілікке құлдырағым.

Сағыныш хатымды оқып күнде менің,  
Дәл осылай боларын білген едің?!  
Білген едің, қайтейін, білген едің,  
Себебі, сен тағы да... үндемедің?!

## **БАЛҚАРАҒАЙ**

Мен енді жалғыз келем, балқарағай,  
 Сен дағы үйрене бер жол қарамай.  
 Сағынышқа сая боп тұратынсың,  
 Көңілге серт көлеңкең толған арай.

Арман екен бәрі де жәй кешегі,  
 Ол да, бәлкім, осылай ой кешеді.  
 Жалғыз келе жатқанда саған қарай,  
 Ақ қайындар сыбырлап сөйлеседі.

Тұсінетін біздерді тек күз еді,  
 Ол да енді дәуренін өткізеді.  
 Мұңайып саған жалғыз келгенімді,  
 Хабаршы жел бәріне жеткізеді.

Балқарағай, сен енді қызғанбағын,  
 Үзбейтін болдым қырдың қызғалдағын.  
 Сыйлайын, керек болса жинап алсын,  
 Тұсініп жарытқандар қыздар жанын.

...Мен енді жалғыз келем, балқарағай,  
 Күтпе мұлдем, тұра бер жол қарамай.  
 Келмей де қалам, бәлкім, бір күндері,  
 Тұра бер жол қарамай.

Балқарағай...

## **ТЫРНАЛАР КӨШІ**

Сағыныштың сазы билеп жер-көкті,  
Тыраулаған ескі әуен тербетті.  
Тымырайған тыныштықты талқандап,  
Тырналардың көші тағы кеп жетті.

Ақша бұлтқа адастырып өткенді,  
Қанатымен қошын айтып кеткен-ді.  
Көк көйлекті көрікті қыз гүл терген,  
Олар іздең келе жатыр көктемді.

Ескі әуен ескі мұнды қозғатар,  
Алдарында бұлдыр-бұлдыр жол жатар.  
Сұрағы жоқ қалың нүкте тізілді,  
Бұландының төбесінде қаз-қатар.

Таныс үнге есін жиып солғын бақ,  
Тырысады әлсін-әлсін қол бұлғап.  
Қабағы тас қарағайдан басқасы,  
Ағыл-тегіл жылайды кеп солқылдал.

Тыраулаған таңғажайып күтпе деп,  
Көкше жаққа кете берді нүкте боп.  
Ақша бұлттар еріп кетті соңынан,  
Аспан ашық қала берді...

...түкте жоқ!

## **ЖЕТИМ БАҚ**

Естілмей жаңбыр әні,  
Елес кезген көшелер таң қылады.  
Жетім бақта көрінбей маған еріп,  
Күндіз өлген көлеңкем қаңғырады.

Келеген жоқ құстар әлі,  
Мұң шағып марғау түннің қысқа бағы.  
Күтумен баяны жоқ күндер өтіп,  
Күнтізбенің беттері қысқарады.

Гүл көктемі жиі алдайды,  
Ал, жетім бақ аңсайды, қиялдайды.  
Тауысып бітіп сабырын, тағатын да,  
Уақыттың тілінде күй ойнайды.

Хабар жоқ сай-саладан,  
Ол бұрын қоштасарын байқамаған.  
Жаназасын жапырактың оқығалы,  
Кеудесіне жетім бақ ай қадаған.

Осылайша жыларатады,  
Көңілсіздеу атып жүр құба таңы.  
Алайда, мен сенемін көптен күткен,  
Көктем келіп бір күні жұбатады.

Жұбатады, тіл қатады,  
Сөнбейтін сағыныш бар мұнда тағы.  
Ақ көрпесі кірлеген жетім бақтың,  
Көктем желі көз жасын құргатады...

...Көктем келеді!



## **КҮЗГІ ЭЛЕГИЯ**

Сынық көніл,  
Жетім бақ құсы кеткен,  
Дәурені дәл тәбемнен ұшып өткен.  
Азагер жел азғырып жапырақты,  
Бұтағынан айырып, құшып, өпкен.

Жапырактар – билеген өлім биін,  
Тағдырыңды танимын сенің қыын.  
Мәлдір шыққа малынып құлазыған,  
Сенікіне үқсайды менің күйім.

Жанымызды күз өзі жүмбақ еткен,  
Бізге таныс баяғы мұң да көптен.  
Сен де мендей сабылып сағыныштан,  
Көкжиекке қарайсың тырна кеткен.

Құстар үні кетті ұзап, аспандаған.  
Жанарынан мөп-мәлдір жас парлаған,  
Сағыныштан сөйлетіп жүректерді,  
Жапырақ-ау, жазып бер дастан маған.

...Қайтқан құстың соңынан «жүгір»  
десіп,  
Сүренсіз бақ сөйлейді күбірлесіп.  
...Көкжиекке құлаған күнді қуып,  
Көз алдыннан барады інір көшіп.

## **КӨКТЕМДІ, СЕНІ КҮТУ**

Бел асып кетіп бес күннің бағы,  
Сұрауға сені сескендім тағы.  
Сұлбасы сұық күндерден мына,  
Жып-жылы шығар көшкеннің жағы.  
Көктөбе жаққа көз тастап қойши,  
Көріне ме еken көктемнің шағы.

Қамсыз ойларым құрықталады,  
Қаумалап жолдан бұрып барады.  
Көн тулақ етіп көнілімді тағы,  
Құтырған иттер қуып барады.  
Сені ойлап тұр ем ойымды бұзып,  
Орыстың қызы күліп қарады.

Сен келер жаққа жасырын барып,  
Иірсем бе еken асығымды алып.  
Сен әлі жоқсың толағай сырдың,  
Тұрғандай болды басы мұнданып.  
Қара жол жаққа қарайлай бердім,  
Келсеңші тездеп басып ұрланып.

Арқалап алып арқаның жүгін,  
Шайқадым келіп шыдамның түбін.  
Апамның құйған айранын ішпей,

Атама бала боп жүрмін бүгін.  
Дей салдым саған біздің хәл осы,  
Арғысын енді айтқызбай ұғын.

Келсөңші тездеп өткелім едің,  
Жок, әлде, маған өкпелі ме едің?  
Сұқтанған сұық күндерде мына,  
Сұраусыз саған кектеніп едім.  
Кешірім сұрап күтумен тұрмын,  
Келсөң-ай етті көктемім менің...



## **ЖАПЫРАҚ МҰҢЫ**

Мұңынды мен түсінермін, ұғармын,  
Саған ұқсап жаратылған шығармын.  
Менің күзім келген кезде, бір күні,  
Мен де сендей бұтағымнан құлармын.

Мен кетермін сонда сені сағына,  
Сен қаларсың сары бақта жабыға.  
Қамықпа сен!  
Ал, әзірше екеуміз,  
Күзгі бақта қызырайық тағы да.

Сары бақ-ай,  
Сары шашты, кекілді,  
Түсінерсің мына мендей өкілді.  
Күніренген күзгі жел де дәл мендей,  
Сары жапырақ,  
Саған ғашық секілді.

Күзгі желді,  
Ренжітпегін, абыла,  
Сары жапырақ,  
Саған сенем, алайда.  
Қара жел кеп жүлқыласа сені егер,  
Менен сені қызғанғаны деп ойла.

## **СОНҒЫ ЖЫР**

Көрпесін көпке жайып күмәнді мұң,  
Еселең жатып алды кінәмді мың.  
Жылаған жүргегімді жұбатады,  
Жұлдызды тұндері тек Бұландының.

Толассыз толқын жырлар кергіп көкке,  
Тоқтаусыз жоқтау айтты бірігіп көпке.  
Шаңы шыққан көшелер шақырады,  
Шаршаганда жанымды сергітпекке.

Кеудемдегі көктеген жас жапырақ,  
Сағыныштан сарғайды. Басқа, бірақ.  
Көрінбейді көзіңнен сол бір сезім,  
Жанарыңды кететін жасқа бұлап.

Жаныңың шимайланып ақ парағы,  
Беймәлім бір сырларды актарады.  
Амал қанша айыпсыз арамызда,  
Тірі жетім махабbat қап барады.

Ұнамай қалған ол не ұнап тұрып?  
Тындашы жүргегіңе құлақ түріп.  
Қалауың осы болса, қоштасайық,  
Өзгелерге ұқсамай жылап тұрып.

Бөлек кетіп кешкенменен тең ғұмыр,  
Бізге өмір берілмейді енді бір.  
Жүргімді жарып шыққан ақырғы,  
Осы болсын өзің жайлыш соңғы жыр!



## **KY3**

Жылауық қыз  
жанарынан жас тамған,  
Жылай-жылай  
Жарық күннен жасқанған.  
Жыртық-жыртық  
Сары көйлегін сүйретіп,  
Кетем дейді,  
Асып анау асқардан.

Кетемі несі?  
Тұсінбедім мұны мен.  
Сен келгенде  
Сенбестікten күліп ем.  
Бәсе, бәсе,  
Қоштасқаны еken гой,  
Тереземді  
Жуып шықты түнімен.

Жылауық күз  
Қабағын бір ашпастан,  
Жаман еken  
Жылап тұрып қоштасқан.  
Кете барды  
Сары жапырақ ұсынып,  
Естелік қып  
Кезімізден достасқан.

\* \* \*

Шақырып...

Сен жайлышты ойлар белеске мені,  
Сары бел тағы кеңескен еді.  
Гулеме жел кеп күбірлеп кетті,  
Тұсіруші еді ол еске нені?!

Санадан өшпей көмескі бейнен,  
Маздады бір ой сол ескі құймен.  
Сағымға сіңіп ғайыпқа қарай,  
Сенің де, бәлкім, ілеңті құймен.

Ғайыпқа кету бағы ол нендей?!

Қуанған едім тағы келгендей.  
Гүлзар далада гүл терген қызы жоқ,  
Өкпелі бүгін сары бел мендей.

Мәлдір шық тамып, тандарым жылап,  
Айсыз түндерден арманым құлап.  
Сенсіз бектерге  
Шақырды...  
Сен жайлышты ойлар...(бармадым, бірақ...)

## **СОЛ КҮНІ...**

Тамшылап  
Тағдырдың өлеңі,  
Тесетін  
Тас емес тауларды.  
Жасыңа  
Айналып әдемі,  
Сол күні  
Аппақ қар жауған-ды.

Дірілдеп  
Ақ қайың жүрегі,  
Солқылдан  
Соғады обал-ақ.  
Кірпігің  
Қорған боп тұр еді,  
Бәрібір  
Кетті жас домалап.

Ұялап  
Сезімдер қимастық,  
Бірақ та  
Бәрі де кеш еді.  
Сол күні  
Соңғы рет қоштастық,  
Аралап  
Қар басқан көшені...

## **АҚ ҚАЙЫҢҒА МҰН**

Сен дағы  
Көңілсіз шақтасың,  
Сүйетін  
Бар, бірақ, айналан.  
Ал, мені,  
Мені кім жоқтасын?!  
Жабығам,  
Жалығам, ойланам.

Әдемі  
Ақ қарды жамылып,  
Жатасың  
Күн сүйіп, аймалап.  
Бұрымың  
Моншақтар тағынып,  
Қара жел  
Ойнайды байлап ап.

Ал, менің  
Зауқым жоқ күлуге,  
Салқындал  
Өн бойым мұздаған.  
Есемді  
Жіберіп өмірге,  
Кей-кезде  
Мен сені қызғанам.

## **СУРЕТИҢ**

Жанаар емес,  
Жүргімнен жас тамар,  
Отырғанда  
Өзің жайлыш ой кешіп.

Жынды десе,  
Дейтін шығар басқалар,  
Жүрем кейде  
Суретіңмен сөйлесіп.

Күбір-күбір,  
Ашып тастан сырымды,  
Жан біткеннен  
Жалыққандай үн қатам.  
Тұні бойы  
Саған жазған жырымды,  
Күні бойы  
Суретіңе тындаратам.

Меніменен  
Мәңгілікке жабысқан,  
Осы күйдің  
Сатам, бәлкім, билетін?!

Мен күбірлеп  
Отырғанда оқысташ,  
Сөйлеп кетсе,  
Не болады суретің?!

## **ЖАҢБЫРДА**

Ағыл-тегіл  
Аспан неге жылайды?!

Кеше ғана  
Сияқты еді көнілді.

Бірақ, маған  
Осы күйі ұнайды,  
Жақсы көріп  
Кету үшін өмірді.

Бауырыма  
Басар едім кеше де,  
Тұрған болса  
Бүгінгідей күй сынып.

Лайсаң кешіп  
Кетіп барам көшеде,  
Жалаңақ  
Тағдырыма сүйсініп.

Жыртық көніл  
Жамалуға жарайды,

Бұрын-сонды  
Көрмесе де күз налып.

Көп қабатты  
Терезеден қарайды,  
Әлдебіреу  
Бұл күйімді қызғанып.

## **ШАПАЛАҚ**

Өзің екен деп  
Өзге қыздарға соғылып,  
Шапалақ жеген күн мынау.  
Таба алмай сені,  
Тауым да сосын шағылып,  
Жыр оқып қайтам мұндылау.

Жолыға қалсаң,  
Жолымнан кенет аңдамай,  
Сылтау біткенді құраймын.  
Өтірік сосын,  
Адасып жүрген адамдай,  
Көшениң атын сұраймын.

Мандайым терлеп,  
Қалтырап шығып сұрағым,  
Сұрай бастасам – күлесің.  
Осы қалада  
Оншақты жылдай тұрамын.  
(Шамасы соны білесің).

Қолыңмен нұсқап,  
Кетесің сосын айнала,  
Көңілден көктем көшеді.  
Менікі болса,

Тілдесіп қалу жай ғана,  
Әйтпесе, қайтем көшени.

Кетесің сосын  
Арқандап алып көзімді,  
Арқадан самал ескендей.  
Өзге қыздардан  
Іздеймін тағы өзінді,  
Шапалақтардан сескенбей.

Көп емес бірақ,  
Көріп тұрғанға шүкір мын,  
Құдіретімен Құдайдың.  
Көшенің бәрін  
Сұраумен сенен бітірдім,  
Ал, енді мен не сұраймын?!

## **ЕСКІ БАҚ**

Көк өзеннің тамашалап ағысын,  
Дәл осы бір қыдырған ем бақ ішін.  
Ескі сүрлеу жүре-жүре тапталған,  
Жүргегімнің тыңдар ма екен қағысын?!

Құшақ ашсам құштарымды басам ба?  
Ей, көк терек талай жатқам тасаңда.  
Бүгін, әне, еңбектеп жүр бір бала,  
Бір кездегі мен аунаған жасаңда.

Анау-анау мемменсінген қарағай,  
Әлі тұр ма жан-жағына қарамай?  
Ақ қайындар сыланатын бой түзеп,  
Қара жолды қаптап өскен жағалай.

...Сәттей ғана болып еткен қас қағым,  
Уақытқа қалай тағам басқа мін.  
Балалықтың естелігін ескі бақ,  
Мен өзіңе мәңгілікке тастадым.

## **МАЗМҰНЫ:**

Жүргі оның жыр бұлак Е.Бейілхан .....	3
КҮРЕНҚАСҚА КІСІНЕЙДІ ӘЗ ӨЛЕҢ.....	5
АТАҒЫ АРЛАН БАБАЛАРЫМ-АЙ.....	6
ЖАРАЛЫ ЖЕЛТОҚСАН... .....	8
ШҮКІР.....	10
БАЙРАҒЫМ ЖЫҒЫЛА ҚӨРМЕСІН.....	14
ҚАЗАҚ ЕЛІ БОЛУ КЕРЕК МӘҢГІЛІК.....	16
АУЫЛҒА КЕТЕМ .....	18
АПАМА ХАТ.....	20
САҒЫНЫШ.....	21
ЕР ТҮРІК.....	23
ТӘҮЕЛСІЗДІГІМДІ МОЙЫНДАҒЫСЫ	
КЕЛМЕЙТІНДЕРГЕ.....	26
АТА ЗАҢ .....	29
БЕЙМАЗАШАҚ.....	31
БҰЛАНДЫ.....	33
ЕҢШІМЕ ТИМЕГЕН.....	35
ТАСТАНДЫ БАЛАНЫҚ МОНОЛОГЫ.....	36
АҢСАУ.....	38
ЖЕТИМ.....	40
ЖОЛДАР.....	42
ҚИТАЙДАҒЫ ДОСҚА ХАТ.....	43
СЕҢІ ІЗДЕЙМІН.....	45
ХАТ.....	47
БІЗ ЖАҚТЫҢ БОРАНЫ.....	49
АТА.....	51
ӨЛЕҢ.....	53
ҚАНАТ ҚЫДЫРМИНГЕ.....	55
РУХЫМ ҚАЙДА?.....	57

ЗАМАНА ТҮСІ.....	59
СУРЕТШІ.....	61
ОЙНАМАНДАР.....	63
КӨК КҮШІКТІҢ МАЗАҒЫ .....	64
АНТИВИРУС.....	65
ЖАЗЫҒЫҢ ҚАНДАЙ БАР ЕДІ?.....	67

## **Екінші бөлім**

### **АЙДАҒЫ Дауыс**

РАМАЗАН.....	70
НАМАЗ.....	72
КӨКШЕДЕ НАУАН ӨТКЕН НАРҚЫ БИІК.....	74
ДҰФА.....	77
СУИЦИД.....	79
КЕРУЕН ДЕ КЕРУЕН, КЕРУЕН КҮН.....	81
АҒА.....	83

## **Үшінші бөлім**

### **ЖЫЛАҒАН ЖУРЕГІМДІ ЖҰБАТАДЫ**

КҮЗ. ҚАМЫСТЫ КӨЛ.....	86
ҮНДЕМЕДІҢ.....	87
БАЛҚАРАҒАЙ.....	88
ТЫРНАЛАР КӨШІ.....	89
ЖЕТИМ БАҚ.....	90
КҮЗГІ ЭЛЕГИЯ.....	92
КӨКТЕМДІ, СЕҢІ КҮТУ.....	93
ЖАПЫРАҚ МҰҢЫ.....	95
СОНҒЫ ЖЫР.....	96
КҮЗ.....	98
СОЛ КҮНІ.....	100
АҚ ҚАЙЫНҒА МҰҢ.....	101

СУРЕТИҢ.....	102
ЖАНБЫРДА.....	103
ШАПАЛАҚ.....	104
ЕСКІ БАҚ.....	106

*«Нұр Отан» партиясы Ақмола облыстық филиалының қолдауымен «Алдаспан» сериясымен көкшетаулық жеті жасас ақынның жеке жыр жинақтары жарық көреді:*

- 1. Жайнарбек ЗАНДЫБАЙ  
«Бәсіре»**
- 2. Серіkbай ӘBІЛМӘЖІН  
«Сарша тамыз»**
- 3. Мерген ТОҚСАНБАЙ  
«Антитеза»**
- 4. Қуаныш ОСПАН  
«Аспандағы Астра»**
- 5. Құрмет ҚҰРАЛХАН  
«Мер»**
- 6. Бақытбек БЕКМҮРАТ  
«Қоңыр мұң»**
- 7. Серғазы ҚАЙЫРБОЛДЫ  
«Поскриптум»**

# **Жайнарбек ЗАНДЫБАЙҰЛЫ**

## **БӘСІРЕ**

### **Өлеңдер**

*Кітап «Нұр Отан» партиясы Ақмола облыстық филиалының қолдауымен «Алдаспан» сериясымен басылып шықты.*

**Редакторы: Мерген ТОҚСАНБАЙ**  
**Тех. редакторы: Асхат ШӘРІПБАЙ**  
**Дизайнері: Жансерік Қанайұлы**  
**Корректоры: Раушан Омарова**

Басуға 21.05.2018 қол қойылды.

Формат 70x84  $\frac{1}{32}$

Шартты баспа табағы 3,22

Тапсырыс № 713

Таралымы 500 дана.

Жеке кәсіпкер Н.Ф Устюгова.

«Мир печати» баспасы

020000. Көкшетау, Капчевич көшесі, 230



Жайнарбек  
Зандыбайұлы

1988 жылы дүниеге келген. Мектеп табалдырығын Солтустік Қазақстан облысы Уәлихан ауданы Золотоя Нива кеңшарында аттаған. Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін бітірген. Қазіргі кезде аудандық «Бұланды ақпарат» газетінің жауапты хатшысы.

Өлеңдері «Көкшетау жас ақындар антологиясы», «Аллаға мадақ», Алматы қаласында жарық көрген «Жыр маржаны» атты қазақ поэзиясының 10 томдық антологиясына, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Қөкшетауда жарық көрген «Тәуелсіздік – тағдырым» атты жас ақындар антологиясына енген. Облыстық халық шығармашылық орталығының қолдауымен «Жүргегімде жүрген қызы» атты тұнғыш өлеңдер жинағы 2011 жылы басылып шықкан. Өнердегі жетістіктері үшін Бұланды ауданының «Алтын кітабына» кірген. Облыстық, республикалық мүшәйралардың жүлдегері.

